

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 28 қазандағы № 33-2 "Жылъыой ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Жылъыой аудандық мәслихаттының 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 2-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 мамырда № 3521 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылъыой аудандық мәслихаттының 2024 жылғы 21 маусымдағы № 19-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылъыой аудандық мәслихаттының 21.06.2024 № 19-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 28 қазандағы № 33-2 "Жылъыой ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3352 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 желтоқсанда "Кең Жылой" газетінде жарияланған) шешімімен бекітілген қосымшасына келесі өзгерістер енгізілсін:

4 тармақта "Атырау облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының Жылъыой аудандық бөлімі" деген сөздер ""Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалы – "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің Жылъыой аудандық бөлімі" деген сөздермен ауыстырылсын.

5 тармақтың 3) тармақшасының орыс тіліндегі мәтінінде "Расходы малообеспеченных семей (граждан), принимаемые к исчислению жилищной помощи, определяются как сумма расходов по каждому из вышеуказанных направлений." деген абзац алғынып тасталсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
II сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы

Н. Кондыбаев
M. Кенғанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК